

## ACTIV БАСТАПҚЫ БЕТІН ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

<http://zero.activ.kz> (бұдан былай activ бастапқы беті) - бұл «Кселл» акционерлық қоғамының автоматты қызмет көрсету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және келесі мүмкіндіктерге жол береді:

- нөмірге қатысты ақпаратты алу (теңгерім, абоненттің мобильді нөмірі);
- кейбір қосымша қызметтерді қосу;
- байланыс қызметтерін өзіңізге ыңғайлы тәсілдермен төлеу: онлайн төлем, төлем карталарын жүктеу.

Сіз activ бастапқы беті арқылы қызметтерді іске қосу арқылы олардың көрсетілу шарттарымен және оларды алуға және ақысын төлеуге келісім білдіресіз.

### Өтінеміз, назар аударыңыз!

*activ SIM картасы арқылы Интернетке қосылғанда, автоматты қызмет көрсету жүйесі сіздің мобильді нөміріңізді сәйкестендіріп сізді автоматты түрде куәландырады. Сондықтан, егер сіз activ Интернет қызметін пайдаланған кезде сізге activ бастапқы беті көрсетілсе немесе сіз смартфоньыңыздың браузері арқылы <http://zero.activ.kz> енгізіп, өз еркіңізбен activ бастапқы бетіне өткенде, сізге activ бастапқы бетте кейбір қызметтерді, оның ішінде ақылыларын, тікелей қосалқы куәландырусыз қосу мүмкіндігі беріледі. Осыған байланысты нөмірді Интернетті тарату режимінде пайдаланған кезде (мысалы, модем режимінде пайдаланылатын құрылғыда), бастапқы бетті және оның функцияларын Интернетке сіздің құрылғыңыз арқылы қосылған пайдаланушылардың барлығы пайдалана алады.*